

Тағанова А. Н., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің 2-бағам студенті
Ғылыми жетекшісі: Жұмашева А. Б., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің заң ғылымдарының магистрі, арнайы құқықтану пәндер (циклдік) комиссиясы оқытушысы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ САУДАҒА САЛУ

Соңғы он жылда кәмелетке толмағандарды саудаға салу қылмысы кеңінен етек жайып отыр. Бұл қылмысты негізінен келесі мақсаттарға жету үшін жасайды: жұмысқа салу, органдары мен тінін заңсыз алу, сексуалдық мақсаттарда пайдалану және т. б. Бүгінгі таңдағы кәмелетке толмағандарды саудаға салуға байланысты мынандай проблемалар пайда болды:

- балалардың жоғалу саны көбейді;
- баларды шет мемлекеттерге асырап алуға беру;
- балалар олімінің саны артуы;
- кәмелетке толмағандардың қатысуымен порнографиялық фильмдермен фотосуреттердің көбеюі және т. б.

Бұл мәселенің негізгі туындау себебі кәмелетке толмағандардың ата-анасының қамқоршысының яғни заңды түрде жауап беретін тұлғалардың жауапкершілігінің жоқтығы. Бірақ кей жағдайда кәмелетке толмағандарды саудаға салу ұрлау арқылы да жүзеге асады. Бұл мәселенің көбеюінің негізгі себебі кәмелетке толмағандардың жоғалуына байланысты істердің көбінің ашылауы аяғына дейін жеткізілмеуі болып табылады. Нақтырақ айтқанда жедел іздестіру органдарының жұмысының дұрыс атқарылуында.

Тағы бір кеңінен таралған мәселелердің бірі — кәмелетке толмағандарды шетел мемлекеттерінің азаматтарына асырап алуға беру. Асырап алу балалар үйі арқылы жүзеге асырылады немесе перзентхана арқылы яғни кей кезде жаңа туған балардан аналары бас тартады. Бірақ кейбір кезде аналар баларанынан бас тартпайды. Олардың балаларын өлді деп баласын шет мемлекеттерге пайда табу мақсатында сатып жібереді. Мұндай жағдай Атырау облысы Жылыой ауданында 9 маусым 2009 жылы Нұрлыбаевтар отбасында болды.

Жергілікті перзентханада Сауле Нұрлыбаева босанады, алайда бас дәрігер нәресте қайтыс болды деп бір сабидің мәйітін береді, бірақ бұған сенбеген ата-ана «Баланы ауыстыру» қылмысы бойынша қылмыстық іс қозғайды. Сараптама нәтижесінде қабырдегі баланың мәйіті бөтен баланың екені анықталды. Алайда бұл жағдайға қарамастан бас дәрігер жай ғана сөгіс алып, әлі қызметін атқарып жүр. Балалар үйі арқылы балаларды әлемнің бұрыш бұрышынан келіп асырап алады, бірақ ол балардың қандай мақсатпен асырап алып жатқанын ол баланың болашағы қандай болатыны беймәлім.

Кәмелетке толмағандарды саудаға салудың тағы бір мақсаты — кәмелетке толмағандардың қатысуымен порнографиялық фильмдер мен фотосуреттерді жасау. Пайда табу мақсатында кәмелетке толмағандарды сату және сатып алу жасалынады, яғни бір адам сату арқылы пайда тапса екіншісі оны сатып алу арқылы пайда табады.

Жалпы айтқанда бұл мәселелердің шешу жолы ретінде:

- біріншіден, бұл қылмыстарға қолданылатын заңдарды күшейту керек, яғни қайтадан қарастырып, саралап, толықтырулар мен өзгертулер енгізу;
- екіншіден, шетелге асырап алуға жіберілген кәмелетке толмағандардың бөтен мемлекеттегі өмірі мен болашағы қандай болатынын, асырап алушының мінез – құлқы мен шын ниеті қандай екені бақылайтын арнайы органдардың жұмысын күшейту.

Осындай жұмыстар атқарылатын болса, кәмелетке толмағандарды саудаға салу қылмысы азайып, Қазақстанның болашағын қалайтын ұрпақтарды қауіп-қатерден қорғап қаламыз.